

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сайра Шамахайдың «Құпия шежіре»: мәдени-философиялық талдау» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысына ресми

## СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық ғылым мен техника дамуының сұраныстармен) байланысы.

Диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі отандық философия зерттеу алаңында әлі де болса зерттеле қоймаған көшпелілердің мәдени мұрасы XIII ғасырда жазылған «Құпия шежіреге» мәдени-философиялық тұрғыдан талдау жасағандығы болып отыр.

«Құпия шежіре» қазіргі таңда адамзат тарихындағы деректемелік мәні бар шежірелердің алдыңғы қатарына еніп, БҰҰ тарапынан әлемдік мәдениеттің құнды мұрасы ретінде бағаланған мәдени мұра.

Тақырыптың өзектілігі **біріншіден**, «Құпия шежіре» бір ғана ғасырдың туындысы емес. XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқари ғұндар заманындағы аңыз-әңгімелерді «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде қамтығаны сияқты бұл шежіреде де тамырын тереңге тартқан аңыз-әңгіме, өлең-жырлар бар. Олай болса, шежіреде ортағасырлық көшпелілерге тән мәдени, діни, әлеуметтік, лингвистикалық философияның мәселелері болуы заңдылық. **Екіншіден**, «Құпия шежіренің» жазбаша сақталып қалуы XIII ғасырдағы көшпелілердің уақыт шеңберіндегі мәдени кеңістігін шынайы сипаттай алуымен құнды. Өткен тарихымыздағы рухани құндылықтарды, озық дәстүр, үлгілерді анықтау мәселесі бүгінгі рухани жаңғыру жолындағы еліміз үшін өзекті. **Үшіншіден**, шежіре оқиғаларының бүгінгі қазақ халқының құрамындағы керей, найман, қоңырат, меркіт секілді рулармен байланысты өрбіп жатуы қазақ руханилығын зерттеуде аса маңызды ақпарат. **Төртіншіден**, «Құпия шежіре» контексіндегі рух бостандығы мен елдік идея әлі де болса санада отаршылдық пен тоталитарлық жүйенің ізі қалған бүгінгі мемлекетіміз үшін ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыруға, өз мүддемізді алдыңғы орынға қойып, тәуелсіздігімізді нығайту жолында аса қажет.

Ізденуші зерттеу тақырыбының өзектілігін қазақтың рухани мәдениетімен сабақтастықта қарастырып, тарихи деректер арқылы байланыстыруы, ұлттық философияның тарихи образын жаңа қырынан ашуға мүмкіндік беретіні туралы пікір білдіруі орынды. Сонымен қатар, шежірені уақыт пен кеңістік тұрғысынан жалпы көшпелілерге ортақ мұра ретінде бағалап жүйелілік принципі бойынша тұтастықпен байланыстырған бағыты дұрыс деп есептеймін.

Осы ретте, «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сайра Шамахайдың «Құпия шежіре»: мәдени-философиялық талдау» тақырыбына жазылған

диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деуге негіз бар.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.**

Диссертация үш тараудан, оның әрқайсысы үш тармақтан тұрады. Онда қойылған мақсатқа байланысты нақты міндеттер шешілген. Диссертант қойылған міндеттерді шешу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

**Бірінші ғылыми нәтижеде** Шежіре, шежірелік үрдіс, «Құпия шежіренің» Орталық Азия көшпенділерінің мәдени мұрасы ретіндегі орны анықталған.

**Екінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіренің» түпнұсқалық, атаулық, құрылымдық өзгеруіне әсер еткен объективті және субъективті себеп-салдарына, зерттеу нәтижелеріне шолу жасалып, түркі халықтарының сұхбаты негізінде мұқият зерттелуді талап ететіні тұжырымдалған.

**Үшінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіредегі» мифологиялық түсініктерге, мифтік сюжеттерге, символдық белгілерге талдау беріліп, Шыңғыс ханың ата тек тарихындағы кейбір тұлғаларды бейнелеуде тотемдік және космогониялық архетиптер қолданылғаны анықталған.

**Төртінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіредегі» тәңірліктің негізгі ұстындары мен болмысы, діни наным-сенімдері («Аспан-Жер», ата-баба культі, шаманизм) «Мәңгі Тәңір» ұғымының мәдени-философиялық мәні анықталған.

**Бесінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіре» контексіндегі адамгершілік қалыптар мен құндылықтар (бірлік, адалдық, әділдік, батырлық, ар-ұят, намыс) дәстүрлі этиканың заңдылықтары мен принциптері негізінде талданған.

**Алтыншы ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіредегі» дәстүр мен жаңашылдық салт, ереже, тиымдар мен әдеттердің талдау арқылы анықталған.

**Жетінші ғылыми нәтижеде** «Құпия шежіреде» Шыңғыс хан тұлғалық қасиеттері анықталған және қазақ еліне қатысты тарихи тұлғаны мәдени ресурс ретінде пайдалану туралы ұсыныс жасалған.

## **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** анық және айқын дәлелденген. Шетелдік және отандық зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдары бойынша шежіре және оның көшпелі тайпалардың рухани тарихындағы ортақ үлгі ретіндегі орны, «Құпия шежіренің» жазбаша сақталудағы маңызы, ғылыми кеңістікте алған бағасы (13-16 бб.) талданған. Шежірешіл үрдістің XIII ғасырдағы қалпы (16-17 бб.) дәлелдеген. «Құпия шежіре» өз бастауын VI ғасыр түркілер мәдениетінен алғаны (13-14 бб.), ортағасырлық шежірелерге ықпалы (17-18 бб.) анықталған. Орталық Азияның әр жерінде иелік еткен Шыңғыс хан мұрагерлері арқылы мазмұн, сарындары ұқсас көптеген ортағасырлық атақты

шежірелердің (16-19 бб.) жазылуына негіз болғандықтан «Құпия шежірені» Түркістан халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде есептелген.

**Екінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген. «Құпия шежіре» XIII ғасырдан XX ғасырға дейінгі аралықта аудармашылар мен зерттеушілер тарапынан түрлі мақсатта зерттеліп келгендігі, оның атауының, құрылымының, мазмұнының өзгеруіне ықпал етерлік құбылыстарға шолу жасалған. Мәселен, XIV ғасырдағы Қытайдың Мин мемлекеті тұсында жасалған аудармасын, Чин мемлекеті тұсындағы көшірмелері (20-22 бб.), XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған Еуропа елдеріне, Жапонияға таралуы (23-25 бб.), XX ғасырдан бастап моңғол тіліне аударылды. «Құпия шежіренің» атауы (28-31 бб.), тілі (32-33 бб.), авторы (35-37 бб.) туралы әлем зерттеушілері арасында түрлі дискурстық талдаулар туындағандықтан шежіре әлі де болса түпнұсқасы арқылы түркі халықтарының сұхбаты негізінде мұқият зерттелуді талап ететіні тұжырымдалған.

**Үшінші ғылыми нәтиже** нақты және дәлелденген. «Құпия шежіре» мәтіні архетиптік образдан, мифологиялық дүниетанымнан, архаикалық санадан хабар беретіні дәлелденген. Шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдары арқылы шежіредегі мифологиялық түсініктерге, мифтік сюжеттерге, символдық белгілерге талдау жасаған. «Құпия шежіреде» Бөрте-Чино, Алун ана (54 б.), Добун мерген, Төбе Соқыр, Эрхий Мерген (Бармак Мерген) сынды түркі мемлекетіне дейінгі мифтік кейіпкерлер және бөрі (50-51 бб.), нұр, сәуле, ит, ақ сұңқар, тау, тас, сиыр (50-63 бб.) сынды тотемдік және космогониялық архетиптерге, сандық белгілер (65 б.) туралы ұғымдар көшпелілердің архаикалық синкреттік сана болмысын сақтай отырып, заман оқиғасымен байланыстырылып берілгені жағн-жақты дәлелденген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** нақты, түбірлі жаңа. «Құпия шежіреде» XIII ғасырдағы көшпелілердің тәңірлікпен қатар, Көк Аспан – Қара Жер, ата-баба рухына сиынып, шамандықты ұстанумен бірге, Тәңірлік сенімге өзгеріс енгізіп, жаңаша табына бастағаны анықталған. Шежіредегі «Мәңгі Тәңір» ұғымының пайда болуына зерттеу жасалған. Тәңірліктің жалпы сипаты, көшпелілердің әлемді түсіну философиясы (66-69 бб.), шаманизм (71-73 бб.), күнә-сауап туралы ұғымның пайда болуы (74 б.), көшпелілер тарихында «мәңгі» сөзінің Түркі мемлекеттерінен бастау алғаны (75-77 бб.), Шыңғыс хан өзінен бұрынғы түркілердің «мәңгілік» идеясын негізге алып, «Мәңгі Тәңір» атауын қалыптастырғаны (77-78 бб.) және оған «Көкте – Тәңірі, Жерде – Қаған» тұжырымдамасы (77 б.), «Мәңгі Тәңір» сенімінің бірте-бірте күллі моңғол ұлттарының діні ретінде қалыптасу ықтималдығы дәлелденіп, анықталған.

**Бесінші ғылыми нәтиже** нақты әрі негізделген. «Құпия шежіренің» таным жүйесіне, этикалық қағидалардың жасалу дәстүрлі әдіснамасына, сөз өнерінің ерекшелігіне шолу жасалып, бірлік, адалдық, әділдік, батырлық, ар-ұят, намыс сияқты рухани құндылықтардың болуы анықталған. Көшпелі тайпалардың әдеп жүйесі, дәстүрлі адамгершілік принциптері, ұстанымдары, ділдік ерекшеліктерінің орны тұжырымдалған.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** нақты әрі дәлелденген. XIII ғасырдағы көшпелі тайпалардың салт-дәстүрі, сабақтастығы талданған. Сонымен қатар, дәстүрлі салт, тәртіп құқықтық жаңа заңнама «Жаса» арқылы жаңаша сипат алғаны анықталған. Көшпелілердің ат қою салты (106-108 бб.), үйлену, неке салты (109-111 бб.), отчигин атану салты (112 б.), жоқтау салты (113-114 бб.), қымызмұрындық салты, мойын жеу салтының мағынасы (117-118 бб.), Жаса, Білік заң ережелері (119 –120 бб.) сияқты т.б. салт-дәстүрлік көріністердің талдануы арқылы дәстүрлі құндылықтар мен құқықтық қағидалардың өзара үйлесіп, бірыңғай тәртіптің орныққаны және елдік сананы адамгершілікті заңмен қорғайтын құқықтық мәдениеттің қалыптасқаны дәлелденген.

**Жетінші ғылыми нәтиже** нақты әрі негізделген. «Құпия шежіредегі» Шыңғыс ханның болмысы, ұстанымдары анықталып, оның билігінің мұрагерлік жолмен XVIII ғасырға дейін алты ғасыр бойы бірыңғай саяси, әлеуметтік құрылым қалыптастырған мәдени құбылысын «Мәңгі Ел» мәдениеті деп атау және елімізге қатысты тарихи тұлғаларды мәдени ресурс ретінде пайдалану туралы пікір ұсынылған.

**4. Изденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже (қағида) мен тұжырымның жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже жаңа**, «Құпия шежіре» бір ғана ұлтқа тиесілі емес, Түркістан халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде алғаш зерттелген.

**Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа**, «Құпия шежіре» түпнұсқасы арқылы түрік тектес халықтардың сұхбаты негізінде мұқият зерттеуді талап ететіні анықталды.

**Үшінші ғылыми нәтиже жаңа**, «Құпия шежіредегі» мифологиялық түсініктер, мифтік сюжеттер, символдық белгілер, тотемдік және космогониялық архетиптер Шыңғыс ханның ақсүйектік, мұрагерлік құдіреттілігін көрсетуде өзіндік үйлесімдігін тапқандығы дәлелденген.

**Төртінші ғылыми нәтиже түбірлі жаңа**, Шыңғыс хан Тәңір түсінігіне «Мәңгі» сөзін қосып, «Мәңгі Тәңір» атап, діни-философиялық мағынамен ұғым тұғырына жеткізе алғандығы және «Көкте – Тәңірі, Жерде – Қаған» тұжырымдамасы анықталған.

**Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа**, «Құпия шежіреде» адамгершілік қалыптар мен құндылықтар дәстүрлі этиканың заңдылықтары мен принциптеріне сәйкес тәсілдермен беріліп, бірлік, адалдық, әділдік, батырлық, ар-ұят, намыс сынды рухани құндылықтар дәріптелгендігі анықталды.

**Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа**, XIII ғасырдағы көшпелі тайпалардың салт-дәстүрі мен жаңашылдығы сабақтастық тұрғысында дәлелденген. Мәселен, түрік мемлекеттерінің озық мәдениеті негізінде дами отырып, құқықтық заңнама «Жаса» арқылы жаңаша жетілгені анықталған.

**Жетінші ғылыми нәтиже жаңа** «Құпия шежіредегі» Шыңғыс ханның болмысы, ұстанымдары анықталып, оның билігі алты ғасыр бойы орныққан мәдени құбылыс ретінде «Мәңгі Ел» мәдениеті деп атау және елімізге қатысты тарихи тұлғаларды мәдени ресурс ретінде пайдалану туралы пікір ұсынылған.

## **5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Аталған тақырып бағытындағы зерттеу бүгінгі таңда отандық ғылымда теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да аса маңызды. Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар қазақ философиясының тарихы, түрік мәдениеті, дінтану мен діни аксиология үшін зерттеу базасын кеңейтетін теориялық тұрғыда құнды ізденіс болатынын көрсетеді.

Сайра Шамахайдың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері «Құпия шежірені» мәдени-философиялық тұрғыдан терең зерттеуге, ұлттың рухани құндылықтарын түгендеуге өзіндік үлесін қоса алады.

## **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Сайра Шамахайдың диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары жарық көрген мақала саны – 16. Атап айтсақ, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша арнайы журналдарда - 5; халықаралық ғылыми конференциялардың жинағында – 5; республикалық ғылыми конференция жинағында – 1; форум жинағында – 1; шетелдік ғылыми семинар жинағында – 1; монографияда – 2; Scopus базасындағы импакт-факторы бар журналда – 1.

## **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыс құрылымы талаптар бойынша дұрыс жүйеленген. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан талапқа сай. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қорытындылары дұрыс келтірілген.

Дегенмен, диссертация жұмысына қатысты бірнеше ұсыныс пен ескертпе бар:

Диссертант аталған «Құпия шежірені» зерттеуде анахронизмге ұрынбай, сол заманға тән дүниетанымдық бағдарларды мейлінше жан-жақты ашып көрсетсе, бұл зерттеу еңбегінің ұтымдылығын арттыра түсер еді.

Тақырыпты зерттеуде қолданылған әдебиеттер жеткілікті және әртүрлі тілдегі деректер пайдаланылған. Дегенмен осындай құбылысты зерделеуде дереккөздер базасын кеңейту және осы салаға қатысты еңбектерді барынша қамту – автордың ізденісін жалғастыруда негізге алуға тиіс қағидалардың бірі болса, зерттеудің мән-маңызы да, тереңдігі де мығым бола түсетіндігі анық.

Жұмыста өзге тілде берілген дәйексөздер кездеседі. Осы ретте ізденушінің қазақ тіліндегі аудармасын немесе түпнұсқасы мен қазақшасын қатар бергені орынды болар еді.

Диссертацияда грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қателіктер кездеседі.

Алайда аталған кемшіліктер Сайра Шамахайдың зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесін, сапасын төмендетпейді.

**8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Сайра Шамахайдың «Құпия шежіре»: мәдени-философиялық талдау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы жоғары дәрежеде жазылған, аяқталған ізденіс.

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы Сайра Шамахай «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептейміз.

**Пікір жазған:**

Философия ғылымдарының кандидаты,

«Ұлттық аударма бюросы»

қоғамдық қорының редакторы



Өсет Қуранбек